

Түркістан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 1894 "Түркістан қаласындағы жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірінғай тарифін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 1863 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 5926 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 сәуірдегі № 188 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 04.04.2024 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес, Түркістан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түркістан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 1894 "Түркістан қаласындағы жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірінғай тарифін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5341 тіркелген , 2019 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген қаулының 2-тармағындағы "Жолаушыларға, егер ол жеке орын алмаса, өзімен бірге жеті жасқа дейінгі бір баланы тегін алып жүру құқығы берілсін және 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға жол жүру құжатының (билетінің) толық құнының елу процентін төлеу осы қаулының 1 тармағында көрсетілген көлемінде белгіленсін" деген сөздер "Жеті жасқа дейінгі балаларды, егер ол бөлек орынға ие болмаса тегін тасымалдау және 7 мен 15 жас аралығындағы балалар үшін осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жол жүру құжатының (билетінің) жалпы құнының елу процентін төлеу құқығы берілсін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Түркістан қаласы әкімдігінің "Жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Түркістан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Базарқұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аким города

Р. Аюпов

"Келісілді"

Түркістан қалалық

мәслихатының хатшысы Ғ. Сарсенбаев